

**2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың :  
350, 351, 352, 353, 354, 355, 356, 357, 358-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің;
2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2005 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1235 қаулысына  
350-ҚОСЫМША  
234 - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**

**"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету"**

**деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны : 1739543 мың теңге (бір миллиард жеті жүз отыз тоғыз миллион бес жүз қырық үш мың теңге) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 554-бабы ; "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңы ; "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңының 47, 48, 49, 50, 51 және 52-баптары ; "Экологиялық сараптама туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 18 наурыздағы Заңының 47, 48, 49, 50, 51 және 52-баптары; "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік

қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; " Қазақстан Республикасының Шекаралық мәтінде қоршаған ортада жасалатын ықпалды бағалау туралы конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 21 қазандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Ауаның алыс қашықтыққа трансшекаралық ластану туралы конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ; "Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік авариялардың трансшекаралық әсер етуі туралы конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 23 қазандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 7 мамырдағы Заңы ; "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 наурыздағы Заңының 9, 14, 15, 16, 17 және 22-баптары ; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 25, 35 және 36-баптары ; "Қызмет телефондары мен мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаң нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 3 қазандағы N 1217 қаулысы ; "Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылууды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы N 1118 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін жеңіл автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 қаулысы ; "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсетуге арналған арнайы көлік құралдарын пайдалануды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 ақпандағы N 288 қаулысы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 қаулысы ; "Сандық геоакпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2000 жылғы 25 қыркүйектегі N 1449 қаулысы ; "Қоршаған ортаны ластауға рұқсат беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 қыркүйектегі N 1154 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1113 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Табиғатты қорғауды бақылау комитетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 1126 қаулысы ; "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қоршаған ортасын қорғау" Бағдарламасы туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1278 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** қоршаған ортаның сапасын жақсарту және қоғамның экологиялық тұрақты дамуының қолайлы деңгейіне жету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін оңтайландыру; қоршаған ортаға шаруашылық және өзге қызметтің әсер етуін төмендету жөніндегі шараларды қабылдау; қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шараларды жоспарлау; салалық қорытындыларды жасау; кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейлерін көтеру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету			
				Бекітілген штаттық лимитке сәйкес 142 бірлік Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау орталық аппаратының қызметін, оның ішінде Табиғатты қорғауды бақылау комитетінің 31 бірлігін ұстап тұру және қамтамасыз ету. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан. Әкімшілік ғимаратты ұстап тұру және оған қызмет ету, бекітілген лимитпен 7 бірлік санындағы үймереттерді, қызметтік автокөлікті ұстап тұру және жалға алу .		

			<p>Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, қоршаған ортаны қорғаудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру.</p> <p>Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияларды беру және табиғи ресурстарды пайдалану, табиғатты пайдалануға рұқсатты және экологиялық сараптамалардың қорытындыларын беру.</p> <p>Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Біліктілік талаптарына сәйкес (гостлицензиялық бақылау) лицензиаттарға тексеріс жүргізу.</p> <p>Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер бөлімінде салық төлеушілер және салық салу объектілері Тізілімінің жинақты ақпараттық жүйесін енгізу.</p> <p>Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Тексеріс жүргізудің бекітілген жоспарына сәйкес аумақтық басқармаларға және ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындарға кешенді тексеріс жүргізу.</p> <p>Иске асыру мерзімі - тамыз-қыркүйек.</p> <p>Табиғатты пайдалану объектілеріне жоспардағы және жоспардан тыс тексеріс жүргізу.</p> <p>Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Өлшеуді орындау әдістемелерін және</p>	<p>қаңтар-желтоқсан</p>	<p>Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі</p>
2	001	Орталық органның аппараты			

зертханалық-аналитика-  
лық бақылаудың нормативтік құжаттарын  
тіркеу және қайта тіркеу.  
Іске асыру мерзімі -  
ақпан-желтоқсан.  
Өңірлерде жергілікті  
семинарларды жүргізу.  
Іске асыру мерзімі -  
қаңтар, сәуір, тамыз  
және қараша.  
Министрліктің көшпелі  
алқаларын өткізу.  
Іске асыру мерзімі -  
екінші, төртінші  
тоқсан.  
"Табиғатты пайдалану  
және қоршаған ортаны  
қорғау" бөлімі бойынша  
облыстардың,  
республикалық маңызы  
бар қаланың, астананың  
Ортамерзімді әлеумет-  
тік-экономикалық дамуы жобаларына жыл  
сайын келісім алу.  
Іске асыру мерзімі -  
сәуір-қараша.  
Қоршаған ортаны қорғау  
саласындағы бағдар-  
ламаларды және тұжырымдамаларды әзірлеу.  
Іске асыру мерзімі -  
қаңтар-желтоқсан.  
Жобалардың салалық  
қорытындыларын жасау.  
Іске асыру мерзімі -  
қаңтар-желтоқсан.  
Қазақстан Республикасы  
ратификациялаған  
халықаралық  
конвенцияларды іске  
асыру жөніндегі есеп  
берулерді және  
баяндамаларды дайындау.  
Іске асыру мерзімі -  
ақпан-желтоқсан  
Үкіметтік емес ұйымдар  
үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты  
орындау.  
Іске асыру мерзімі -  
қаңтар-желтоқсан.  
Қоршаған ортаны қорғау  
жөнінде мемлекеттік  
инспекторларды  
формалық киім-кешекпен  
қамтамасыз ету (тігу).

			<p>Иске асыру мерзімі - наурыз-желтоқсан.</p>		
3	002	Аумақтық органдардың аппараттары	<p>827 бірлік санындағы штат санының бекітілген лимитіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі аумақтық органдарының аппараттарын ұстап тұру және қамтамасыз ету. Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>174 бірлік санындағы бекітілген лимитті ескере отырып, қызметтік үймереттерді, тік ұшақтарды, қызметтік және арнайы автокөліктерді, 2 бірлік санындағы су көлігін ұстап тұру және жалға алу. Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Табиғатты пайдалануға рұқсатты және мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларын беру. Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер бөлімінде салық төлеушілердің және салық салу объектілері тізілімінің ақпарат жүйесін енгізу. Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Тексеріс жүргізудің бекітілген жоспарына сәйкес табиғатты пайдаланушыларға тексерістер жүргізу. Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Сертификаттау және Қазақстан Республикасы мемтiзiлiмiнде тiркеу, аналитикалық бақылау зертханаларының аспаптарын тексеру. Иске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.</p> <p>Аналитикалық бақылау зертханаларын аккредиттеу жөніндегі</p>	қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау

			жұмыстарды жүргізу. Іске асыру мерзімі - ақпан-тамыз. Ғимараттарды және үймереттерді ағымдағы ж ө н д е у . Іске асыру мерзімі - наурыз-желтоқсан.		министр- лігі
4	007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Төрт тақырып бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру бойынша қызмет көрсетулерді сатып алу: қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау. О қ у мерзімі - ақпан-сәуір; аналитикалық бақылау зертханаларының аккредиттеу шеңберінде аспаптармен жұмыс істеуді үйрену. Үйрену мерзімі - ақпан-сәуір; экологиялық сараптама және табиғатты пайдалануды реттеу. О қ у мерзімі - мамыр-тамыз; экологиялық аудит. О қ у мерзімі - қыркүйек-қараша. Мемлекеттік тілді о қ ы т у . О қ у мерзімі: наурыз-мамыр.	ақпан-қараша	Қазақ- стан Респуб- ликасы Қоршаған ортаны қорғау министр- лігі
5	008	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылыстарын күрделі жөндеу	Батыс Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасының әкімшіліктік ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу.	сәуір-қыркүйек	Қазақ- стан Респуб- ликасы Қоршаған ортаны қорғау министр- лігі
		Мемлекеттік органдарды	Көшіру, факсимильді аппараттарды, офистік және зертханалық жиһаздарды, аналитикалық бақылау зертханасы		Қазақ- стан Респуб- ликасы

6		009	материалдық-техникалық жарактандыру	үшін аспаптарды және жабдықтарды сатып алу. Каспий теңізінің және өзендер бассейнінің ауданында бақылау-инспекциялық қызметті күшейту үшін теңіз кемесін, катерлерді және алыстан ұстайтын радиостанцияларды сатып алу.	қаңтар-желтоқсан	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
7		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Орталық аппарат және аумақтық басқармалар үшін есептеу техникасын және жабдықтарды сатып алу. Іске асыру мерзімі - ақпан-желтоқсан. Жинақтаушы және қосалқы бөлшектерді, шығын материалдарды сатып алу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан. Есептеу техникасының және жабдықтардың құралдарына жүйелік-техникалық қызмет көрсету. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан. Бағдарламалық өнімдерді, ақпараттық жүйелерді және локальдік міндеттерді сүйемелдеу. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан. Интернет желісіне және электрондық поштаға кіруге қызмет көрсетулер. Іске асыру мерзімі - қаңтар-желтоқсан.	қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
8		100	Сапалық және сандық көрсеткіштерді (экологиялық нормативтер мен талаптарды) әзірлеу	Қоршаған ортаның сапасын бақылауды басқару жүйесін оңтайландыру үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы сапалы және сандық көрсеткіштерді (47 әдістеме үшін экологиялық нормативтерді және талаптарды) әзірлеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу және қоршаған ортаға шаруашылық және өзге қызметтің әсер етуін төмендету	қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау



				жөнінде қабылдау.	шараларды		министр- лігі
--	--	--	--	----------------------	-----------	--	------------------

## 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: "Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша 14 облыстың және республикалық маңызы бар 2 қаланың Ортамерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуының келісілген жобалары; Балқаш-Арал бассейнін тұрақты дамытудың бекітілген кешенді бағдарламасы және Қоршаған орта және табиғи ресурстар мониторингінің Бірыңғай мемлекеттік жүйесінің тұжырымдамасы; 1 кодексті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20 нормативтік қаулысын және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 10 нормативтік б ұ й р ы ғ ы н ә з і р л е у ;

халықаралық конвенцияларды іске асыру жөніндегі 4 ұлттық есепті және баяндаманы д а й ы н д а у ;

келіп-түсуіне қарай инвестициялық жобалардың салалық қорытындыларын жасау; қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы л и ц е н з и я л а р д ы б е р у ;

табиғатты пайдалануға рұқсат беру және табиғатты пайдаланушылардың жүгінулеріне қарай мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары; 56 лицензиаттың біліктілік талаптарына сәйкестігі;

Табиғатты пайдаланушылардың жүгінулеріне қарай қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер бөлімінде салық төлеушілер және салық салу объектілері Тізілімінің а қ п а р а т т ы қ ж ү й е с і н е н г і з у ;

өңірлерде 4 жергілікті семинар өткізу;

министрліктің 2 көшпелі алқасын өткізу;

16 аумақтық басқармада және 4 ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорында к е ш е н д і т е к с е р і с жү р г і з у ;

6 тақырып бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау; өлшеулерді орындаудың 100 әдістемесін және зертханалық-аналитикалық бақылаудың нормативтік құжатын тіркеу және қайта тіркеу;

аналитикалық бақылау зертханасының 60 аспабын сертификаттау және тексеру;

2 аналитикалық бақылау зертханасын аккредиттеу;

Табиғатты қорғауды бақылау комитеті қызметкерлерінің 38 табиғатты пайдалану объектісінде және аумақтық басқармалар қызметкерлерінің 11000 табиғатты пайдалану объектісінде т е к с е р і с жү р г і з у і ;

523 мемлекеттік инспекторды формалық киім-кешектің бір жиынтығымен қамтамасыз е т у ;

екі облыста ғимараттарға және үймереттерге ағымдағы жөндеуді жүргізу;

аумақтық органдар мамандарының - 70 адамның кәсіби деңгейін көтеру;

92 адамға, оның ішінде аумақтық органдардың 80 адамына мемлекеттік тілді үйрету.

Аумақтық басқарманың бір әкімшілік ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу. 16 көшіру аппаратын, 16 факсимильді аппаратты, офистік жиһаздың 205 жиынтығын; Каспий теңізінде және Ертіс өзенінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүргізу үшін 1 теңіз кемесін және 1 өзен катерін; теңіз кемелері үшін алыстан ұстайтын 2 радиостанцияны; зертханалық жиһаздың 13 жиынтығын; 123 бірліктегі зертханалық жабдықты және аспапты, аспаптарға көмекші аксессуарды, химиялық реактивті (реагентті) және аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармаларының аналитикалық бақылау зертханалары үшін ыдысты сатып алу. Компьютерлік жабдықтың 80 жиынын, 5 серверді, 21 принтерді, 10 сканерді, үздіксіз қоректену көзін, жиынтық және қосалқы бөлшектерді, шығын материалдарын сатып алу.

"Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастры" деректерінің базасын қалыптастыру. 47 әдістеме үшін сапалық және сандық көрсеткіштерді (экологиялық нормативтерді және талаптарды) бекіту.

С о ң ғ ы н әне н ә т и ж е с і :

Қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік инспекторларын формалық киім-кешекпен 100% қамтамасыз ету.

Аумақтық басқармаларды 33%-тен 43%-ке дейін компьютерлермен қамтамасыз ету. аумақтық басқармаларды 25,4%-тен 27,9%-ке дейін принтерлермен қамтамасыз ету. 21%-тен 45,9%-ке офистік жиһазбен қамтамасыз ету.

Қоршаған ортаны қорғауды реттеу процесін күшейту, оны тұрақтандыру жөніндегі шаралардың кешенін әзірлеу;

мемлекеттік қызметшілердің 7% кәсіби деңгейін көтеру, мемлекеттік қызметшілердің 9% мемлекеттік тілді үйрету.

Қаржылай-экономикалық нәтижесі:

қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік инспекторының формалық киім-кешегінің бір жиынтығын тігуге орта есеппен 57,3 мың теңге жұмсау; бір ұлттық есепті (баяндаманы) дайындаудың орташа құны 1029 мың теңге; үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік тапсырыс негізіндегі бір тақырыптың орташа құны 1792 мың теңге;

бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін көтеруге орташа шығын 20,7 мың теңге; бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді үйрету орташа шығын 16,6 мың теңге.

У а қ ы т т ы л ы қ :

қоршаған ортаның ластану деңгейінің төмендеуі; қазіргі экономикалық шарттарға сәйкес кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін көтеру. Мемлекеттік тілді үйренген мамандардың үлесі жұмыс істейтіндердің жалпы санының орталық аппаратта - 8,4%, аумақтық басқармаларда - 9,9%. Кәсіби білімінің деңгейін көтерген мамандардың үлесі аумақтық басқармаларда - 8,5%.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2005 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1235 қаулысына  
351-ҚОСЫМША  
234 - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**

**"Стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті  
объектілерге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу"  
деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның  
ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 8000 мың теңге (сегіз миллион теңге).

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706  
қаулысымен .**

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 18 наурыздағы "Экологиялық сараптама туралы" Заңының 11, 13 және 14-баптары ; "Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 8, 63, 64-баптары ; Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" Заңының 21-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы "2004-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы" N 1241 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қоршаған ортасын қорғау" Бағдарламасы туралы" N 1278 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : экологиялық талаптарға сәйкес келуді бағалау арқылы қоршаған ортаға жоспарланған басқару, шаруашылық, инвестициялық және өзге қызметтерді іске асыру кезіндегі теріс әсер ету салдарларының алдын алу.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : қоршаған орта сапасының нормативтеріне және экологиялық талаптарға сәйкестігін уақытында анықтау, қоршаған ортаға сараптама құжаттамасында жоспарланған шаруашылық, инвестициялық және өзге қызметтермен қоршаған ортаға әсер етуді бағалаудың ғылыми негізделген талдауын жүргізу .

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Стратегиялық, трансшекаралық және экологиялық қауіпті объектілерге мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу	Мемлекеттік органдар бастамашылығымен жасалатын жобаға мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу.	қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

### 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: мемлекеттік органдар бастамашылығымен жасалған кем дегенде 92 жобаға экологиялық сараптамасының қорытындысын беру.

Соңғы нәтиже: жоспарланған басқару, шаруашылық, инвестициялық және өзге қызметтің қоршаған ортаның жай-күйіне теріс әсер ету салдарларын барынша азайту.

Қаржылай-экономикалық нәтиже: бір жобаның экологиялық сараптамасын жүргізуге шығын орта есеппен 119 мың теңгені құрайды.

Уақыттылық: Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімдерге сәйкес бір жылдың ішіндегі жобалардың келіп-түсуіне қарай экологиялық сараптаманы жүзеге асыру.

Сапа: мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған жобалар экологиялық қауіпсіздік нормаларына және талаптарына сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2005 жылғы 12 желтоқсандағы  
№ 1235 қаулысына  
352-ҚОСЫМША  
234 - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер"

## деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ

1. Құны : 295000 мың теңге (екі жүз тоқсан бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңының 75-бабы ; Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі "Ғылым туралы" Заңының 3, 18, 22 және 26-баптары ; Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 наурыздағы "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Заңының 7-бабы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы "2004-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы" N 1241 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қоршаған ортасын қорғау" Бағдарламасы туралы N 1278 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы "2005-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында шөлейттенумен күрес жөніндегі бағдарлама туралы" N 49 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету, қоршаған ортаның сапасын тұрақтандырудың теориялық және технологиялық негіздерін қ а л ы п т а с т ы р у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шараларды және инвестициялық жобаларды дайындауға ғылыми негізделген ұсыныстарды және ұсынымдарды әзірлеу; Халықаралық табиғатты қорғау конвенцияларын іске асыруды ғылыми сүйемелдеу; климат өзгеруінің, озон қабатының бұзылуының, шөлейттенудің, Қазақстан Республикасының қоршаған ортасының ластануының және тозуының өзекті мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеулерді жүргізу; Қазақстан Республикасы аумағының экологиялық жай-күйін бағалау жөніндегі ғылыми-талдау және картографиялық материалдарды жасау; қоршаған ортаны басқарудың жаңа көзқарастарын және әдістерін әзірлеу; қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шараларды және инвестициялық жобаларды негіздеу жөніндегі ғылыми зерттеулер; қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми-зерттеу базасын дамыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар

1	2	3	4	5	6	7
				<p>Климат өзгеруінің, озон қабатының бұзылуының, шөлейттенудің, Қазақстан Республикасының қоршаған ортасының ластануының және тозуының өзекті мәселелері жөнінде 20 тақырып бойынша, оның ішінде өтпелі тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу:</p> <p>1. өңірлік климаттың қазіргі өзгеруін бағалау, сондай-ақ экологиялық жүйе климатының және экономиканың климатқа тәуелді салаларының өзгеруіне осалдығының және бейімделуінің мүмкіндігін бағалау, атмосферадағы көмірқышқыл газы шоғырларының жоғарылауы кезінде өңірлік климаттың өзгеру сценарийлерін әзірлеу;</p> <p>2. жердің озон қабатына физикалық және химиялық процестердің әсер етуін, сондай-ақ озон қабаты жай-күйінің өзгеруін, әсіресе, адам денсаулығына және басқа тірі организмдерге, климатқа, адам пайдаланған табиғи және жасанды материалдарға ультракүлгін, күн сәулелерінің өзгеруін бағалау;</p> <p>3. үлкен қашықтыққа ластағыш заттарды ауысуын және олардың түсуін бағалау бойынша ғылыми зерттеулер; атмосфераны ластану процестерін модельдеудің мүмкін салдарларын айқындау және оның сапасын анықтау; ластанумен күрестің экономикалық тиімділігін арттыру</p>		

бойынша ұсынымдарды  
әзірлеу;

4. Қазақстанда озон  
бұзғыш заттарды (ОБЗ)  
тұтынуды бағалауға  
және болжауға әдістемелік зерттеуді  
жетілдіру; ОБЗ  
импортталу және  
тұтыну мониторингінің  
жүйесін әзірлеу,  
сондай-ақ ОБЗ тұтыну процестерінің  
қысқаруын басқару; ОБЗ  
тұтынушылықтың өсу  
себептерін айқындау;  
Қазақстанда ОБЗ  
ұлттық кадастрын  
әзірлеу;

5. Солтүстік  
Қазақстанның уран  
өндіретін өңірлерінде  
экологиялық-радиация-  
лық жағдайларды зерттеу;

6. халық денсаулығына  
табиғи радиоактивтік-  
тің (радонның) кері әсер етуін зерттеу;

7. экологиялық  
жай-күйлерін анықтау  
үшін әскери-сынақ  
полигондарының  
аумақтарын және оларға жақын өңірлерді  
(Тайсойған, Ембі) кешенді зерттеу бойынша  
ғылыми зерттеулер;

8. Шығыс Қазақстан және Солтүстік  
Қазақстан облыстарының  
аумақтары мен халқының  
денсаулығын кешенді  
экологиялық зерттеу;

9. Қазақстанның  
үстіндегі озон қабаты  
жай-күйінің динамикасын зерттеуді  
жүргізу және оған  
кері әсер ету салдар-  
ларының алдын алу бойынша шараларды  
әзірлеу;

10. "2005-2015 жылдарға арналған Қазақстан  
Республика -  
сындағы шөлейттенумен күрес" бағдарламасы  
шеңберінде 2005-2007 жылдарға арналған  
ғылыми-зерттеу жұмыстары (Қазақстан  
аумақтарының шөлейттену процесте-  
ріне ұшырауын бағалау және 1:1000000  
масштабындағы жерлерді  
шөлейттену және жұтау  
картасын жасау);

11. Батыс Қазақстанның жағалау - су экожүйесінің өзгеруі бойынша ғылыми зерттеулер;

12. Каспий маңының солтүстік-шығыс бөлігінің қазіргі экологиялық жағдайын Каспий теңізі деңгейінің арту салдарларына әсер ететін процестерді, сондай-ақ көмірсутекті шикізат кен орнын интенсивтік әзірлеуді есепке ала отырып зерттеу және бағалау;

13. қазіргі экологиялық және саяси жағдайларда Іле-Балқаш өңірінің жер асты суларының ресурстарын пайдалану перспективаларын бағалау;

14. бу газдарының шығарындыларын сандық бағалау, бу газдары эмиссияларының сценарийлерін әзірлеу, бу газдары эмиссияларын төмендету бойынша Қазақстанның ұлттық стратегиясын әзірлеу, бу газдары шығарындыларына арналған квоталарды лицензиялаудың ұлттық жүйесін жасау үшін жағдай жасау, бу газдары эмиссиялары/ағындысы бойынша мониторинг және есеп жүйесін қалпына келтіру;

15. Ертіс бассейні және Балқаш көлінің өзен ағысының ресурстарына экологиялық бағалау жүргізу;

16. Қазақстанның шаруашылық игеру аумақтарындағы экологиялық тәуекелдіктерге бағалау жүргізу;

17. экожүйенің негізгі құрауыштарындағы: топырақтағы,



Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулер

өсімдіктердегі, жануарлардағы шоғырланған энергияны анықтау бойынша ғылыми жұмыстар, сондай-ақ түрлі техногендік жүктемелермен және антропогендік сыққыш дәрежесін есепке ала отырып, топырақтың минералдық бөлігінің (Гиббс бойынша энтропия және энергия) термодинамикалық сипаттамасымен топырақтың пайда болу процестеріне энергия шығындаудағы түрлілік: жаңа тақырыптар бойынша;

18. Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің негізгі өртендерінің жерлерінде өсімдіктердің пирогендік ауысуын зерттеу;

19. Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ландшафтын зерттеу (қазіргі геоэкологиялық жәй-күйді бағалау, тиімді пайдалану және қорғау);

20. Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркін тұрақты дамытуды қамтамасыз ету бойынша зерттеулер. Іске асыру мерзімі: ақпан-желтоқсан.

2 өтпелі тақырып бойынша Қазақстан Республикасы аумағының экологиялық жай-күйін бағалау жөніндегі ғылыми-талдау және картографиялық материалдар жасау, оның ішінде:

1. Қазақстандағы экологиялық жағдайды бағалау бойынша ғылыми зерттеулер, табиғи ресурстарды пайдалану дәрежесі, шаруашылық қызметтердің қоршаған ортаға әсер етуі және оған және басқаға кері әсер етуді төмендету үшін

қаңтар-желтоқсан

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

қолданылатын шаралар;  
2. физикалық және экономикалық география, геоморфология, гидрология және экология салаларындағы ғылыми зерттеулер негізінде табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған орта, өнеркәсіптік күштерді, республикадағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылыстарды даму міндеттерін шешуге негіздеу үшін белгіленген Қазақстанның Кешенді ғылыми ақпараттық экологиялық атласын әзірлеу;  
9 өтпелі тақырып бойынша қоршаған ортаны қорғауды басқарудың жаңа көзқарастарын және әдістерін әзірлеу, оның ішінде:  
1. Қазақстан Республикасының ауа бассейнінің техногендік ластану деңгейін бағалау және оны сауықтыру бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарды әзірлеу;  
2. табиғи объектілердің экологиялық-экономикалық бағалану және табиғатты қорғау іс-шараларының экономикалық тиімділігінің әдістерін әзірлеу;  
3. табиғатты пайдалануға және экологиялық сараптамаға рұқсат беру жүйесін оңтайландырудың жаңа ғылыми негізделген көзқарастарын әзірлеу;  
4. экологиялық тиімді және ресурс үнемдегіш технологиялардың, кәсіпорындарды, шикізат түрлерін, материалдарды, өнімдерді, жабдықтарды әзірлеу бойынша зерттеулер;  
5. қоршаған орта

мониторингі  
саласындағы ғылыми  
зерттеулер жүргізуді  
ұйымдастыру;  
6. Бейбіт жер асты  
ядролық жарылыстарын  
жүргізу жерлеріне  
жақын шекаралар мен  
аумақтарда су  
мониторингін  
технологиясын әзірлеу  
және енгізу;  
7. қоршаған ортаны  
қорғауға мемлекеттік  
бақылаудың  
ғылыми-практикалық  
моделдерін әзірлеу;  
8. қоршаған ортаны қорғау саласындағы  
ғылыми негізделген индикаторлар мен  
көрсеткіштерді, сондай-ақ табиғи жүйелердің  
тұрақтылығының және экологиялық  
сыйымдылықтарының  
шектерін айқындаудың  
ғылыми-әдістемелік  
негіздерін әзірлеу  
және сынақтан өткізу;  
9. экологиялық  
паспорттарды жасау  
мақсатында Қазақстан  
қалаларының экология-  
лық жай-күйі бойынша  
ғылыми техникалық  
негіздеу.  
5 өтпелі тақырып  
бойынша қоршаған  
ортаны қорғау саласын-  
дағы іс-шараларды және  
инвестициялық жобаларды негіздеу  
бойынша ғылыми  
зерттеулер, оның ішінде:  
1. аумақтың және өнеркәсіптік кәсіпорынның  
және энергетиканың сынаппен  
ластану мониторингінің  
технологиясын әзірлеу және енгізу;  
2. техногендік қалдықтардың ғылыми  
техникалық бағалануы және Қазақстан  
Республикасында оларды кәдеге жарату  
жолдары;  
3. Щучье-Бурабай курорттық аймағын  
экологиялық жай-күйінің болжамды  
моделін әзірлеу;  
4. ағынды суларды жинауыштардың жай  
күйін зерттеу және тәжірибелі ұсынымдарды

			<p>әзірлей отырып оларды қоршаған ортаға әсер етуін бағалау;</p> <p>5. қоршаған ортаны ластағыштардан қорғау мақсатында "Бурабай" және "Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінің шеңберінде орналасқан шаруашылық жүргізуші субъектілердің шаруашылық тұрмыстық ағынды суларын тазалау бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарды әзірлеу;</p> <p>Іске асыру мерзімі - ақпан-желтоқсан.</p> <p>Қоршаған ортаны қорғаудың ғылыми зерттеу базасын экология және климат ғылыми-зерттеу институты үшін жабдықтарды сатып алу жолымен дамыту.</p> <p>Іске асыру мерзімі - сәуір-желтоқсан.</p> <p>Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу бойынша қызмет көрсетуді төлеу.</p>		
--	--	--	---	--	--

### **7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :**

Тура нәтиже: 36 тақырып, оның 33 жалғастырушы және 3 жаңа тақырып бойынша қоршаған ортаны қорғау саласында жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижелері жөніндегі есептер және ұсынымдар.

Қоршаған ортаға шығарындылардың және төгінділердің және өндіріс қалдықтарын жинақтаудың тұрақты деңгейінде сақтау бойынша шараларды әзірлеу және іске асыру; республиканың әртүрлі өңірлеріндегі қазіргі экологиялық жай-күйді бағалау және ғаламдық сипаттағы ауқымды экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған шараларды қабылдау үшін ұсынымдарды және әдістерді әзірлеу; Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің табиғи ресурстарының қазіргі геоэкологиялық жай-күйін оны одан кейінгі дамыту мақсатымен бағалау;

Экология және климат ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-зерттеу базасын дамыту үшін :

компьютерлік жабдықтың 37 жиынтығы, 8 принтер, 4 көшіру аппараты, 4 ноутбук, 1 плоттер, электрондық метеостанцияның 1 жиынтығы, 2 портативтік газанализатор, 1 эхолот, 16 газ анализатор, 2 электрондық таразы, 1 цифрлық қалтқының деңгей өлшеуіші, 1 ағын жылдамдығын өлшеуіш, 1

кептіру-стерильдеу шкафы,  
4 аспиратор, 4 актинометр, 4 альбедометр, 4 баланс өлшеуіш, 4 анемометр, 2  
анеморумбометр, 2 метеорологиялық матч,  
1 автоматтандырылған арақашықтық гидрологиялық бекеттің 1 жиынтығы,  
зертханалық диірменнің 1 жиынтығы, геологтың қолға ұстайтын 2 бұрғысы, 3 кептіру  
шкафы, су сапасын бақылау зертханасының 2 жиынтығы, 2 шаң анализаторы, 2  
автокөлік, 2 топырақ ылғалын өлшеуіш, 1 газ өлшегіш аспап сатып алынатын болады.

Соңғы нәтиже: нәтижесінде экологиялық жағдайдың және елдегі халық денсаулығының одан кейінгі төмендеуіне шынайы және әлеуетті қауіп жойылатын қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру жөніндегі міндеттерді шешу үшін жағдай жасау; ғаламдық, ұлттық және өңірлік экологиялық проблемалар туралы, сондай-ақ экологиялық қолайсыз өңірлердегі әлеуметтік қиындықты төмендетуге ықпал ететін климаттың және озон қабатының өзгеруі, биоэралуандылықтың қысқаруы, шөлейттену, топырақ жамылғысының, судың, ауаның, ластануы проблемаларын қоса алғанда, оларды шешудің жолдары мен бағыттары туралы республика халқын ақпараттандыруды арттыру; экология және климат ғылыми-зерттеу институтын жалпы қажеттіліктің 16,8 % аспаптармен және жабдықтармен қамтамасыз ету.

Қаржылай-экономикалық нәтиже: бір тақырып бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізудің орташа құны 7361 мың теңгені құрайды.

Уақыттылық: тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алудың бекітілген жоспарына сәйкес жыл бойы.

Сапа: қоршаған орта сапасын неғұрлым қауіпті процестермен және үрдістермен оның тозу және тұрақтану қарқынын бәсеңдету жолымен сақтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2005 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1235 қаулысына  
353-ҚОСЫМША

234 - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі  
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

## 2006 жылға арналған

### "Қоршаған ортаны қорғау объектілерін салу және қайта жаңарту"

деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның

## ПАСПОРТЫ

1. Құны : 860731 мың теңге (сегіз жүз алпыс миллион жеті жүз отыз бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы "2004-2006 жылдарға арналған Арал маңы проблемасын кешенді шешу жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы" N 520

қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау" Бағдарламасы туралы" N 1278 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері :** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты :** қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту, табиғи ресурстарды қалпына келтіру, сақтау және ұтымды пайдалану, табиғи ортаға ұлғаймалы антропогендік әсер етуді азайту; қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін дамыту, қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқаруды дамытудың институционалдық негіздерін құру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері :** табиғи ресурстардың таусылуының және л а с т а н у ы н ы ң а л д ы н а л у .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :**

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Қоршаған ортаны қорғау объектілерін салу және қайта жаңарту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес сомалар шегіндегі инвестициялық жобаларды іске асыру іс-шараларына: Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ұлттық метеорология орталығын салу жобасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама жүргізу; "Атырау, Алматы, Астана, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Көкшетау, Қостанай, Шымкент, Петропавловск	қаңтар-желтоқсан	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау

			қалаларында аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармаларының әкімшілік ғимараттарын салу" жобасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу және мемлекеттік ведомстводан тыс сараптама жүргізу; жобалық-сметалық құжаттаманың мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамасын әзірлеу және жүргізу және Қызылорда қаласындағы ағынды суларды биологиялық тазарту станциясына дейін 1 және 12 канализациялық-сорғы станцияларымен бас сорғы коллекторларды салу.	министрлігі
--	--	--	---	-------------

### 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен бекітілген жобалық-сметалық құжаттама; арынды коллекторларды салу бойынша орындалған жұмыстардың ауқымы (жұмыс ауқымының 76%).

Соңғы нәтиже: қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту үшін қоршаған ортаны қорғау объектілерін пайдалануға енгізу.

Қаржылай-экономикалық нәтижесі: негізгі қаржы қорының ұлғаюы.

Уақыттылық: жұмыстарды орындаудың және жасалған шарттардың жоспарына-кестесіне сәйкес.

Сапа: ҚНжәнеЕ сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

354-ҚОСЫМША

234 - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2006 жылға арналған**

**"Қоршаған ортаны қорғау объектілерін оңалту"**

**деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны : 201964 мың теңге (екі жүз бір миллион тоғыз жүз алпыс төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңы ; "

